



Жезқазған қалалық мәслихатының 2021 жылғы 5 сәуірдегі № 5/45 "Тұрғын үй сертификаттарының мөлшерін және алушылар санатының тізбесін айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Ұлытау облысы Жезқазған қалалық мәслихатының 2024 жылғы 5 тамыздағы № 20/120 шешімі. Ұлытау облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 8 тамызда № 140-20 болып тіркелді

Жезқазған қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жезқазған қалалық мәслихатының "Тұрғын үй сертификаттарының мөлшерін және алушылар санатының тізбесін айқындау туралы" 2021 жылғы 5 сәуірдегі № 5/45 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6302 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 2-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жезқазған қалалық мәслихатының төрағасы

Р. Капарова

Жезқазған қалалық
мәслихатының
2024 жылғы 5
тамыздағы
№ 20/120
шешіміне қосымша

Тұрғын үй сертификаттарын алушылар санатының тізбесі

№	Атауы
1.	Бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар
2.	Мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар
3.	"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар
4.	Толық емес отбасылар
	Еңбек және жұмыспен қамту статистикасы бойынша статистикалық байқауларды талдау негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 20 мамырдағы № 161 бұйрығымен бекітілген Еңбек ресурстарын болжаудың ұлттық жүйесін

қалыптастыру және оның нәтижелерін пайдалану қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32546 болып тіркелген) сәйкес құрылатын еңбек ресурстарының болжамы есепке алумен, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт саласындағы және өзге де салаларындағы бюджеттік ұйымдарының қажетті мамандары